

Келісемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректор өкілі, доктор,
профессор Бейіам Баттал
« 27 » 12 2023ж.

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темірбекова
« 12 » 12 2023ж.




САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХҚТУ-034-2023

Профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі

АЛҒЫ СӨЗ

1. Адам ресурстарын басқару бөлімімен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Адам ресурстарын басқару бөлімі
3. Келісілді – Академиялық мәселелер жөніндегі вице-ректоры
Э.Идрисова
– Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры М.Нурсой
– Жауапты хатшы Г.Байсенкул
– Академиялық департамент директоры А.Бостанова
– Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2023
5. Тексеру мерзімі – 2026

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым
Түркістан 2023



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-034-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 2 - беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Конкурс туралы хабарландыру	5
7	Конкурстық комиссияны қалыптастыру	6
8	Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау	6
9	Конкурсты өткізу тәртібі	8
10	Шағымдану тәртібі	10
11	Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
12	Келісу, сақтау және тарату	11
13	Қосымша 1	12
14	Қосымша 2	13
15	Танысу парағы	14
16	Өзгерістер тіркеу парағы	15

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 3 - беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) ОПК мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасу тәртібін анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте ОПК (профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы және оқытушы) мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесіне сай ОПК (профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы және оқытушы) мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасу жүргізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 ХҚТУ-034-2023 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. ОПК мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасу ережесінде келесі нормативтік құжаттармен шектелмей сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңы;

- «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызмет шарттары туралы келісімді және 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 531-IV Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 қазандағы №391 бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы»;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 4 - беті

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі бекітілген №152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;

- Университет Жарғысы;

- Оқытушы-профессорлар құрамы туралы регламент.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

- УЕ – Университет ережесі;

- СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;

- СМЖ - Сапа менеджментінің жүйесі;

- ОПҚ - Оқытушы-профессорлар құрамы.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1. УЕ талаптарының енгізілуіне Жауапты хатшы және Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы жауапты болып табылады.

4.2. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Академиялық мәселелер жөніндегі, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорлары қадағалайды.

4.3. УЕ жүзеге асыруға кафедра меңгерушісі мен факультет деканы жауапты болып табылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленген Университеттің ОПҚ мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасу тәртібін анықтайды.

5.2. Лауазымдарға конкурстық тағайындау ережесі келесі принциптеріне негізделеді:

- заңдылық;

- меритократия;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 5 - беті

- еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу;
- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығы.

5.3. Университеттің ОПК мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуы бос лауазым орыны бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

5.4. Университеттің ОПК мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуына тиісті бейіндері бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары)» университет дайындап бекітілген талаптарға сәйкес және конкурсқа қатысуға құжаттарын тапсырған үміткерлер жіберіледі.

Өнер, мәдениет және спорт саласындағы жоғары оқу орындарының қауымдастырылған профессорлар (доцент), профессорлар лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ осы мамандық бойынша танылған жетістіктері бар мамандар жіберіледі.

Осы Ереже конкурстық негізде іріктеудің және жұмыс беруші мен университет жұмыскері арасында еңбек шартын жасасудың тәртібін, шарттарын айқындайды.

6. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

6.1. Университетте ОПК және ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымы болған жағдайда тиісті жоғары оқу орны құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру (*Қосымша 1*) орналастырылады.

6.2. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) профессор-оқытушы құрамының және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымының атауы;
- 2) Университеттің толық атауы мен орналасқан жері, телефон номері;
- 3) деректерді нақтылау үшін комиссия хатшысының телефондары, электронды поштасы, Т.А.Ә. және байланыс деректері;
- 4) құжаттарды қабылдаудың аяқталатын күні мен уақыты;



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-034-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 6 - беті

5) Біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

6.3. Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер (еркін нысанда) хабарландыру жарияланған күнінен бастап құжаттарды қабылдаудың аяқталатын күннен кешіктірмей беріледі.

7. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

7.1. Профессор-оқытушы құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық комиссияларының (бұдан әрі – конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамы және оның өкілеттілік

мерзімі университет Ректоры мен Ректор өкілінің бұйрығымен анықталып, бекітіледі.

7.2. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- конкурсқа қатысу үшін барлық кандидаттарға тең мүмкіндіктер беру;
- конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялы түрде өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру;
- Конкурстық комиссия отырысының кестесін айқындау;
- конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;
- конкурстың қорытындысы бойынша Конкурстық комиссияның басшылыққа ұсынысын шығару.

7.3. Конкурстық комиссиялар мынадай құрамда құрылады:

- 1) конкурстық комиссияның төрағасы – ректор өкілі,
- 2) конкурстық комиссияның төраға орынбасары – академиялық мәселелер жөніндегі вице-ректор,
- 3) конкурстық комиссияның хатшысы – Адам ресурстарын басқару бөлімінің қызметкері,
- 4) конкурстық комиссия мүшелері – сала бойынша вице-ректорлар, адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы, заң бөлімінің басшысы, кәсіподақ ұйымының басшысы.

8. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

8.1. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген адамдар (еркін нысанда) қолма-қол университет ректорының атына өтініш жазады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-034-2023</i> 15 беттің 7 - беті
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		

Өтінішке қоса мына құжаттарды тапсырады:

Университет қызметкерлері:

- 1) түйіндеме;
- 2) факультет деканының өкімімен бекітілген сараптау комиссиясының ұсынысы – ОПҚ үшін, сала бойынша вице-ректордың немесе институт директорының өкімімен бекітілген сараптау комиссиясының ұсынысы – ғылыми қызметкер лауазымына құжаттарды тапсырғандар үшін;
- 3) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін түпнұсқалар;
- 4) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған жағдайда) (соңғы үш жыл);
- 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- 6) Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тағы басқа құжаттар.

Сырттан келген үміткерлер үшін құжаттар тізбесі:

- 1) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы;
- 2) түйіндеме;
- 3) өмірбаян;
- 4) жоғары білім туралы дипломның, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- 5) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін түпнұсқалар;
- 6) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған жағдайда) (соңғы үш жыл);
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 8 - беті

9) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

10) Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тағы басқа құжаттар.

Жоғарыдағы белгіленген тізімге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбау және өтініштер мен құжаттарды берудің белгіленген мерзімдерін бұзу үміткерді Конкурсқа қатыстырмау үшін негіз болып табылады.

8.2. Университет өндірістік қажеттілікке қарай профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстар өткізуге құқылы.

9. КОНКУРСТАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Конкурс мына кезеңдерден тұрады:

Бірінші кезең - жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарға орналасуы үшін үміткерлердің өтініштерін қарастыру – кадр бөлімінің тиісті мамандары, сараптау комиссиясының мүшелері, конкурс комиссиясының мүшелері. Осы Ереженің 8-бабында көрсетілген құжаттарды толық тапсырмаған үміткерлер конкурстың келесі кезеңіне қатысуға жіберілмейді;

Екінші кезең - ОПҚ үшін - деканат немесе кафедра тарапынан декан өкімімен бекітілген тиісті сала бойынша оқытушы-профессорлар құрамынан үш адамнан тұратын сараптау комиссиясы құрылады (сараптау комиссия мүшелерінің лауазымы үміткерге (қызметке тағайындалатын адамға) қарағанда жоғары немесе профессор/доцент болуы тиіс).

Ғылыми қызметкерлер үшін – сала бойынша вице-ректором немесе институт директорының өкімімен бекітілген үш адамнан тұратын сараптау комиссиясы құрылады (сараптау комиссиясы мүшелерінің лауазымы немесе ғылыми дәрежесі үміткерге (қызметке тағайындалатын адамға) қарағанда жоғары болуы тиіс).

Сараптау комиссиясының мүшелері профессор-оқытушы құрамына және ғылыми қызметкерге үміткердің құжаттары негізінде үміткермен сұхбаттасу өткізеді, және факультет деканының/вице-ректордың/институт директорының келісімімен жасалған жазбаша түрде ұсынысты дайындап, комиссия құрамына тапсырады;

Сараптау комиссиясының теріс шешімін алған үміткерлер Конкурстық комиссиямен әңгімелесу кезеңіне жіберілмейді.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 9 - беті

Сараптау комиссиясының оң шешімін алған үміткерлер Конкурстық комиссиямен әңгімелесу кезеңіне жіберіледі.

Сараптау комиссиясының ерекше оң пікірін алған үміткерлерді Конкурстық комиссия әңгімелесу кезеңіне шақырмай, басшылыққа ұсыныс шығаруы мүмкін.

Үшінші кезең – бірінші және екінші кезеңдердің және үміткерлермен әңгімелесу негізінде конкурстық комиссияның басшылыққа ұсынысын шығару.

Төртінші кезең - қорытынды шешім қабылдау.

9.2. Университет:

- 1) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;
- 2) конкурс өткізілетін күні мен орынды белгілейді;
- 3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;
- 4) Сараптау комиссиясы мен конкурстық комиссияның отырысын ұйымдастырады;
- 5) қорытынды шешім қабылдайды.

9.3. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды толық табыс еткен азаматтар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

9.4. Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындау конкурсы сауалнама және сараптау комиссиясының ұсынысы және/немесе тестілеу және/немесе әңгімелесу және/немесе шығармашылық есеп беру және/немесе авторлық әзірлемелерді қорғау және/немесе практикалық тапсырмалар нысанында үміткерлердің қызмет қорытындылары талдамалық жалпылау негізінде өткізіледі, бұл ретте кәсіби деңгейді анықтау үшін әрбір лауазым бойынша үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімдері тексеріледі.

9.5. Әңгімелесудің мақсаты бос лауазымға конкурс жариялаған жоғары оқу орнының ерекшеліктерін, үлгілік біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттеріне баға беру болып табылады.

Әңгімелесу қорытындылары осы Ереженің 2-қосымшаға сәйкес бағалау парағына енгізіледі.

9.6. Конкурстық комиссия профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына орналастыру үшін конкурстық іріктеу бойынша ашық дауыс беру нысанын айқындайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 10 - беті

9.7. Ашық дауыс беру жағдайында конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссияның мүшелері санының басым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссия отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі отырысқа қатысқанда заңды деп саналады.

Конкурстық комиссияның қабылдаған ұсынысы конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде рәсімделеді.

Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері, оны білдірген жағдайда Комиссия хаттамасына қоса берілетін жазбаша нысанда баяндайды.

9.8. Үміткер, егер оған комиссия құрамынан қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, Конкурстық комиссияның басшылыққа оң ұсынысына ие болады.

Конкурсқа қатысқан тұлғалар конкурстық комиссияның басшылыққа ұсынысымен таныстырылмайды.

9.9. Конкурстық комиссияның басшылыққа ұсынысы жазбаша түрде дайындалып, Университеттің Ректоры мен Ректор өкілінің назарына жұмысқа қабылдау туралы қорытынды шешімді қабылдау үшін беріледі. Жұмысқа қабылдау туралы оң шешім қабылданған үміткерлермен еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалады. Осы тармақшада көрсетілген жұмысқа қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылданған соң, Конкурс комиссиясының хатшысы қабылданған шешім туралы барлық үміткерлерді хабардар етеді.

10. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

10.1. Конкурста қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысы бар бөлігінде қорытынды шешімдерімен таныса алады.

10.2. Қорытынды шешімге конкурста үміткер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде шағымдана алады.

11. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

11.2. СМЖ құжаттарына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	УЕ-ХҚТУ-034-2023
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 11 - беті

12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1. Осы университет ережесі Академиялық комитет кеңесінде Жаупты хатшы және Адам ресурстарын басқару бөлімінің бастығының қатысуымен талқыланады және Сенат мәжілісінде бекітіледі, хаттамамен рәсімделеді.

12.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Адам ресурстарын басқару бөліміне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары Университеттің веб-сайтында жарияланады.


12.3. Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

Университеттің Академиялық комитеттің кеңесінде қарастырылып, талқыланды.

Хаттама № 5, « 22 » сентябрь 2023 ж.


КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры




Э.Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры




М.Нурсой

Жауапты хатшы




Г.Байсенкул

Академиялық департамент директоры



А.Бостанова

Ғылым департаментінің директоры



Х.Масадиков

Стратегиялық даму, рейтинг, сапа орталығының басшысы



С.Қырыкбаева

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы



Ж.Сыздыкова

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-034-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		15 беттің 12 - беті

Қосымша 1

Конкурс өткізу туралы хабарландыру формасы

(үлгі)

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы, Түркістан қ., 29В Саттарханов д-лы мекен-жайында орналасқан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесінің факультеттері төменде көрсетілген кафедраларына бос орындарға конкурс жариялайды.

Келесі ескертулер үміткер назарына:

- 1) Конкурсқа қатысу үміткерге Университетке жұмысқа орналасуына кепілдік бермейді;
- 2) Конкурс/сараптау комиссиясының мүшелері өздерінің үміткер жайында қалыптастырған пікірлерін және/немесе басшылыққа берілетін ұсынысын үміткерге хабардар етпейді. Үміткерлердің назарына Ректор мен Ректор өкілімен қабылданған қорытынды шешім жазбаша хабарландыру түрінде (электрондық пошта, мессенджер және/немесе басқа байланыс тәсілдері арқылы) жеткізіледі;
- 3) Үміткерді жұмысқа қабылдау туралы шешім Конкурс комиссиясының ұсынысын назарға ала отырып, Университеттің Ректоры мен Ректор өкілінің бұйрығымен рәсімделеді;
- 4) Үміткердің конкурсқа қатысуы оның жоғарыда берілген ескертулермен танысып, келіскенін білдіреді.

Қосымша деректер:

1) деректерді нақтылау үшін комиссия хатшысының телефондары, электронды поштасы, Т.А.Ә. және байланыс деректері – **ҚОСУ КЕРЕК**

2) құжаттарды қабылдаудың аяқталатын күні мен уақыты – **ҚОСУ КЕРЕК**

3) Біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар – **ЕНГІЗІЛСІН НЕМЕСЕ БӨЛЕК ҚҰЖАТТА БЕРІЛСІН НЕМЕСЕ СІЛТЕМЕ ҚОСЫЛСЫН.**

Медицина факультеті:

№	Кафедра атауы	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейіні	Лауазымдар атауы (саны)			
			М.ғ.д., Доцент, профессор	М.ғ.к./PhD., Доцент/аға оқытушы	Аға оқытушы	Магистр, оқытушы
1						
2						
Жалпы						

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		УЕ-ХҚТУ-034-2023 15 беттің 13 - беті

Қосымша 2

Конкурстық комиссия

(ректордың № _____ « _____ » 20 ____ жылғы бұйрығымен бекітілді)

20 ____ жылғы « _____ » _____ отырыс

Хаттама № _____

Лауазым _____

Кафедра/институт _____

Үміткердің Т.А.Ә. _____

1. ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ – үміткер тапсырған құжаттар негізінде

Біліктілік талаптар	Бағалау өлшемдері	Ескертпе
Білімі	Сәйкес/сәйкес емес	
Дәрежесі/атағы	Сәйкес/сәйкес емес	
Кәсіби тәжірибесі	Сәйкес/сәйкес емес	

ЖӘНЕ

2. САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Сараптау комиссиясының ұсынысына Комиссия мүшелерімен бөлек баға берілмейді. Сараптау комиссиясының ұсынысы (сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді) Конкурстық комиссияның басшылыққа ұсынысын шығару кезінде назарға алынады.

ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ

3. ӘНГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

Сұрақтар	5	4	3	2	1	Ескертпе

ЖӘНЕ

4. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ БАСШЫЛЫҚҚА ҰСЫНЫСЫ

Шешім	Негіздеме	Ескертпе
Бос лауазымға орналасуға ұсынылады		
Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды		

Конкурстық комиссия төрағасы _____

Конкурстық комиссия хатшысы _____

Күні _____

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі		УЕ-ХҚТУ-034-2023 15 беттің 15 - беті

Φ-СМБ-002

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№5 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 15:00

27 желтоқсан 2023 жыл
Сәрсенбі

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

Күн тәртібінде:

4.5. Профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасу ережесін бекіту (*Баяндамашы: Жауапты хатшысы Г.Байсенкул*).

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.5. Профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасу туралы ережесіне ескертулерді ескере отырып, өзгерістер енгізілсін және ішкі нормативтік құжаттар құрамына ендірілсін (*Жауапты: Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Ж.Сыздықова*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева
А.Куралбаева

